

Атырау облысы, Атырау қаласы

Назарбаев Зияткерлік мектебі

«Ұстаз салтанаты» тақырыбындағы республикалық интернет-байқауы

Шамшенова Мерей Бейбитовна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Ұстаз салтанаты

(эссе)

Қазіргі ақпаратқа толы сандық технологияларға қолжетімді заманда оқушыға алған білімін сүзгіден өткізуге бағыт - бағдар беретін жан - ұстаз. Оқушы ұстазынан көп жаңалық күтеді. Сондықтан да Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Өмір бойы оқу әрбір Қазақстандықтың кредосына айналуы тиіс» деген сөзі біз үшін бағдаршам болуы тиіс деп ойлаймын. Ұстаздық қызметтің кілтін ұстағаным мен еш өкінбеймін. Керісінше, қуанамын. Тәлім мен тәрбиені бойыма сіңдіре білген ұстаздарымнан көргенімді жаныма жалау етіп, алдыма сан-тараулы бағыттар қойып, шәкірт зердесіне білім көзін себу - мен үшін маңызды да жауапты іс екенін жадымнан шығармауым керек.

Ұстаз жолы - қиын жол екенін өмір белесінен байқап жүрміз. Ол көп ізденісті, жауапкершілікті, жаңашылдықты талап етеді. Алдыға келген әр баланың көкірек көзін ашу – бұл кез-келген ұстаздың алдындағы парыз. «Алдындағы әрбір бала - жұлдыз, тек оның жарқырауына көмектес» деген ұранды әрбір ұстаз ұстанса, жетер жетістігі мол болары сөзсіз.

«Ұстаздық – ұлылық емес, ұлы қызмет» деп Бауыржан батыр бабамыз айтқандай, ұлы қызмет ұстаздық жолында жүргеніме де он жылдан аса уақыт бопты. Осы жылдар ішінде адам баласы небір оқиғаларды басынан өткере отырып, алдағы жақсылықтардан, жаңалықтардан үмітін ешқашан үзген емес. Мен де сондай жандардың бірімін десем болады.

Білім және ғылым министрі «Мектептегі көшбасшылық және басқару-2013» атты халықаралық ғылыми конференциясында жасаған баяндамасында, «Қазіргі қоғамда көшбасшыларды тек көшбасшылар ғана тәрбиелейді, егерде мектеп пен отбасы бірігіп қызмет етсе, жалпы қоғам болып жұмылса, берілген мақсат сәтті жүзеге асады» деген болатын. Бұл пікір көрегендікпен айтылған деп толық қостауға болады. Себебі мұғалімнің алдындағы әрбір оқушы жазылмаған ақ парақ сияқты, оның бетіне қандай сиямен, қалай қолтаңба салсаң, сол бағытты ұстанып жүре береді. Сондықтан да әр мұғалім өз ісінде сүрінбеуді ойлауы қажет, сынып көшбасшысын тәрбиелеу менің шеберлігімде деп есептеу абзал.

Сонау XX ғасырдың басында Ж. Аймауытов: «Сабақ беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол - жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан қазіргі тандағы білім беру саласындағы жаңалықтарды пән ерекшеліктеріне сай қолдана білу - оқыту мақсатына жетудің бірден - бір жолы. Өз тәжірибемде оқыту барысында алдыма қойған мақсатым - баланың қызығушылығын оятып, қабілетін арттыратын, өз бетімен ізденісін жаттықтыратын жағдай туғызу. Оның бастысы сабақ үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс - әрекеттері арқылы білім, білік, дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу үрдісінде бірлесе әрекет ету.

Бұрын оқу үрдісінде мұғалімнің орны оқушы рөлінен жоғары болса, ал қазір жаңаша білім беру кезеңінде оқушы жоғары белсенділік танытуы

керек. Яғни, мұғалім- бағыт беруші, жол сілтеуші, ал оқушы мұғалімнің жетегіндегі өз бетінше білім алушы болып табылады. Мақсатқа жету оқушылардың өздері арқылы жүзеге асады.

Пәннен оқушыларды жалықтырмай, қайта қызығушылығын арттыру үшін сабақтың бірсарындылығын жойып, сабақты түрлендіріп өткізуге де көңіл бөліну қажет. Әрбір мұғалім шығармашыл жұмыс жасаған жағдайда ғана еліміздің саналы, дарынды азаматтарын тәрбиелеп шығаруға мүмкіндігі бар.

«Білімді ұрпақ- тәуелсіздігіміздің алтын дінгегі» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, ХХІ ғасырдың ғажайып жетістіктерін игеру білімді, іскер, жас ұрпақтың еншісінде. Білім беру ісі - қай кезде де қоғамның өзекті мәселесі. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, тума талантының көзін ашу, саналы, парасатты, білімді азамат етіп шығару- бүгінгі күннің кезек күттірмейтін мәселесі. Сапалы білім беру, өздігінен білім алу дағдысын қалыптастыру, шығармашылыққа баулу- білімді шығармашыл ұстаздың міндеті.

Шығармашылыққа шыңдап, бала бойындағы бұғып жатқан тылсым талантты таба біліп, болашағына бағдар беретін – ұстаз. Әрбір оқушының шығармашылық қабілетін қайрап, жаңа тұтанған алауды жағу, жарқырату, тереңдете түсу де ұстаз міндеті және салтанаты болмақ.

Қайсыбір адамдарда ешкімнің еншісіне бұйыра бермейтін арқалы қасиет болады. Ол - дарын. Бұл қасиет ананың құрсағында жатқанда –ақ дариды, яғни, Энгельс сөзімен айтқанда, дарын адамның маңдайына жазып қойған «үздік диплом». Сол арқалы дарын иелері көз алдымызда отыр.

Шығармашылық - ойлау қабілетінің ең жоғары түрі. Оқушыларды даралыққа, даналыққа жетелер алғашқы қадам- шығармашылық екені даусыз. Олай болса, сара ой - сана иесі болу адам баласының парасат тарихында дара туған даналардың ғана үлесіне тиері ақиқат. Сол болашақ данышпан тұлға біз оқытқан оқушылар арасында отыруы да мүмкін. Ұлы Абайдың «Болмасаң да ұқсап бақ, Бір ғылымды көрсеңіз» деген ғибратты сөзін әрбір дарынды жас қаперінде ұстап, талпынуы тиіс. Шығармашылықпен сабақ өткізу үрдісі мұғалімге тікелей байланысты. Ол үшін мұғалім үнемі ізденісте жүріп, өз білімін жетілдіріп, шәкіртін де шыңдап отыруы тиіс. Сондай толыққанды ұстаздың алдынан тәлім- тәрбие алған оқушы жоғары нәтижеге қол жеткізеді, білімді елдің білікті ұлқызына айналады.

Шығармашылық іздену - мұғалімнің еңбегіне, біліміне, ой- өрісінің толысуына көп көмегін тигізеді. Бүгінде мұғалімнің басты міндеті- жаңа технологиялар арқылы оқушының шығармашылық деңгейін жоғарылатып, жекелігін, тұлғалығын қалыптастыру. Осыған орай сабақта технологияларды қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырып, шығармашылық әрекеттің биігіне көтерілуіне ықпал етеді.

Шығармашылық әрекеттің нәтижесі - шығармашыл тұлға. Шығармашыл тұлғаның бойында өзіне тән ерекшелігі, қиялының ұшқырлығы, танымдық қызығушылығы, шабыты басым болады. Бала осы

қасиеттерімен ерекшеленеді. Шығармашыл тұлға бойында бір ғана қасиет болмайды, оның бойында ақындық, жазушылық, әншілік, суретшілік сынды қасиеттер қатар жүруі мүмкін. Ал осы қасиеттерді әрі қарай дамыту, баланы шығармашылыққа баулу мұғалімнің шеберлігіне, жоспарлы, мақсатты жұмыс істеуіне байланысты болмақ. Мұғалім өз шәкіртіне қайтпас қайрат, қажымас қанат, ұшқыр қиял сыйлауы қажет. Сонда ғана әрбір бала өзінің мектептегі және мектептен тыс өмірін белсенді түрде таңдап алу және дербес құрастыру құқығына ие болады. Мектеп оқушысының құзыреттілігі мектептегі дәстүрлі сабақтарда ғана қалыптастырылмайтынын ескеретін болсақ, алға қойылған мақсатқа қол жеткізуге болады. Алдымызда отырған әр дарын иесін дамытудың жаңа бағытын балаларға қосымша білім беру жүйесі қамтамасыз етеді.

Қосымша білім беру – шығармашылықтың қандай да бір бағытында жеке білім алу қажеттіліктері мен қызығушылықтарды ескеру. Оқушылар сабақтан тыс уақытта әр түрлі функционалдық бағытта қосымша білім алады. Олар: үйірмелер, оқу факультативтері, элективті курстар, «актерлік шеберлік» орталығы, оқырмандар клубы, ғылыми қоғам, кәсіптік мектептер (музыкалық, спорттық, көркемсурет және т.б.). Қосымша білім беру жеке тұлғаның табиғи қасиеттері мен қабілеттерін, ерекше болмысын дамытады.

Оқушыға қосымша білім беру - өзіндік қалауы мен қажеттілігі және таңдауының нәтижесі. Қосымша білім берудің негізгі мақсаты – балалардың үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік мәдени және білімдік жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Балаларға қосымша білім берудің педагогикалық маңыздылығы зор: ол жеке тұлғаны дамыту үшін, шығармашылық, табиғи талантын ұштап шыңдайтын мықты құралы, «табысты оқушы» болып қалыптасуға жол салатын бірден-бір бағыт бола алады.

Балаларға қосымша білім беру - баланы өз жолын табуға бағыттау. Білім берудің бұл түрі өскелең ұрпақтың бейімділіктерін, зерттеу қызметін дамытуға, қабілеттері мен қызығушылықтарын, азаматтық және адамгершілік қасиеттерін, шығармашылық қабілетін шыңдауға, өмірлік және кәсіптік өзін-өзі айқындауға ықпал етеді. Оқушыға қосымша білім беру арқылы елдің дамуына үлес қосып, салауатты өмір салтын ұстанып, қоғамдық маңызды шараларға қатыстыру арқылы өзіндік ойын еркін айтуға дағдыландыруға болады.

Әрбір балаға қолжетімді қосымша білім беру ғана өзгермелі заманнан белгілі бір кәсіптің иесі болу арқылы «кірпіш» болып қаланып, өз орнын табуына мүмкіндік береді. Мемлекет болашақ ұрпақ үшін барлық жағдайлар жасауы қажет, себебі балаларға қосымша білім беру арқылы өз қабілеттерін дамытуға, әрбір баланың құқығын іске асыруға болады және іске асыруы тиіс. Әр оқушы өз қабілетін шыңдау арқылы өмірден өз орнын таба алады. Республикалық және облыстық жарыстар мен түрлі байқауларға қатысады. Мұндай іс-шараларды өткізу балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін дамытуға, тұрақты қызығушылығы мен ерте кәсіби біліктілігін

қалыптастыруға ықпал етсе, ал жасөспірім үшін өзін тануға көп мүмкіндік береді.

«Еліміздің ертеңі- бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры- ұстаздың қолында» деп Елбасымыз айтқандай, ұстаз салтанаты білім алған шәкіртінің еңбегімен өлшенеді, ұстаздардың алдында өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, еліміздің болашағына аянбай үлес қосатын жас жеткіншектерді даярлау міндеті күтіп тұр.